

Мазут экспорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 қараша N 1528

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы 2001 жылы Нарын-Сырдария су қоймалары құламасының су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы келісім бойынша Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасы алдындағы міндеттемелерін орындауы мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шымкентмұнайоргсинтез" ашық акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының аумағынан 2001 жылғы желтоқсаннан бастап 2002 жылғы ақпан бойынша 10167 (он мың бір жүз алпыс жеті) тонна көлеміндегі мазутты (ТМД СЭҚ ТН коды 2710 00 710 - 2710 00 780) Қырғыз Республикасына шығаруға рұқсат берілсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.25. N 108
қаулысымен. Р 0 2 0 1 0 8 _

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті осы қаулының 1-тармағының орындалуы және әкетілетін мазутты есепке алу жөніндегі қажетті шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК